

Қазақстан Республикасының
білім және ғылым министрлігі

Министерство образования и науки
Республики Казахстан

І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті

Жетысуский
университет им.И.Жансугурова

«31» қаутар 2025 ж.

№ 4 хаттама

ХАТТАМА ШЕШІМ

Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес
отырысы

Төраға – А.К.Катенов

Хатшы – Т.А.Ашир

Қатысқандар: 12 адам (тізім тіркелген)

Күн тәртібінде:

1. Педагогика және психология факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы есебі. Комиссия: Смагулов Есенгали Жексембаевич, Койчубеков Нуржан Абдыгалиевич.
2. Тіркеу офісі сессияның ашықтығы бағытындағы жасалған жұмыстар туралы.
3. Әр түрлі.

І.ТЫҢДАЛДЫ: А.К.Катенов: : Сәлметсіздер ме құрметті әріптестер! Жиналып отырған үшінші кезекті кеңес отырысымызды бастайық. Ең алдымен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің педагогика және психология факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы есебі туралы Смагулов Есенгали Жексембаевич және Койчубеков Нуржан Абдыгалиевичтің тексерістерін қалай өткізгендерін көрейік.

Е.Ж.Смагулов: Факультетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты акция өтіп, барлық кураторлар оқу топтарымен кураторлық сағаттар өтті. Өткізілген іс-шаралар факультеттің Instagram желісі мен сайтқа жүктелді.

Педагогика және психология факультеті 6B01302- «Бастауыш білім беру (ІР)», 6B01301- «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 6B01902- «Арнайы педагогика», 6B1102- «Психология (ІР)», 6B01101- «Педагогика және психология», 6B01202-«Мектепке дейінгі білім беру (ІР)», 6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие» білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білікті мамандар даярлайды.

Қазіргі таңда факультет бойынша **468** білімгер білім алуда. Соның

ішінде бакалавр бойынша 358 білімгер, оның 197 ҚР ҒЖЖБМ гранты негізінде, 5 ЖАО гранты негізінде, 2 «Қазақстан халқына» қорының гранты негізінде, 2 ҚР Қорғаныс министрлігінің гранты негізінде, ал 152 білімгер ақылы негізде және 92 магистрант, 18 докторант оқиды.

Факультетте Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері кафедрасы, Педагогика және психология кафедрасы, «Инклюзивті білім беру», «Арнайы педагогика», «Практикалық психология» және «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» оқу зертханалары бар.

Педагогика және психология факультетінде 2 кафедра бар. Кафедралардың сандық және сапалық құрамы:

- Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері кафедрасы бойынша ғылым докторы - 1, ғылым кандидаты - 6, PhD - 4, ғылым магистрі - 10, аға зертханашы - 1;

- Педагогика және психология кафедрасы бойынша ғылым докторы - 2, ғылым кандидаты - 7, PhD - 2, ғылым магистрі - 11, зертханашы - 1.

Факультетте оқу, біліктілікті арттыру (сертификат, куәлік және т. б.), басшы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жауаптылар туралы мәліметтер:

Факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамының басты міндеті - өзінің кәсіби біліктілігін арттыру. Осыған орай 2024-2025 оқу жылына арналған біліктілікті арттыру жоспары жасалынды. Жоспарға сәйкес оқу жылының I жартыжылдығында факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы төменде көрсетілген біліктілік арттыру курстарынан өтті.

Сонымен қатар қаңтар айының 13-25 аралығында «Асыл қазына университеті» жобасының аясында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ұйымдастырумен өтіп жатқан «Жасанды интеллект» біліктілік арттыру курсынан факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамынан 15 оқушы өтті.

Б.А.Сериев: сұрақ бар, бакалавриат оқытушылармен сіздер кездестіңізде ал енді магистратура және докторантура білімалушылардың жағдайлары қандай?

Е.Ж.Смагулов: деканатпен кездесуде білімалушылар дипломдарын және диссертацияларын қорғауда, соңғы екінші жартыжылдықта 3 адам қалды деп маған факультет баяндады.

Б.А.Сериев: магистранттардың және докторанттардың сабаққа үлгерім деңгейі қандай?

Е.Ж.Смагулов: мұғалімдермен сөйлескенде жақсы деді. Дегенімен біз сабаққа кіріп оны бақыламадық бірақ оны мен Нұржанға тапсырдым. Ол өз сабағына ыңғайы келгенде бос уақытында қатысып жүрді.

Б.А.Сериев: физика математик факультетінде сыбайлас жемқорлыққа байланысты стенд бұрыштамалары бар?

Н.А.Койчубеков: факультетте ондай бұрыштамалар жоқ бірақ акция кезінде сыбайлас жемқорлыққа байланысты плакаттар бар болған.

Д.С.Ансабаев: сыбайлас жемқорлыққа бойынша жұмыстарды тек

мұғалімдер ған жүргізді ме әлде басқада штаттан шақырылды ма?

Е.Ж.Смагулов: басқа штаттан әлі келмеді бірақ жоспар бойынша тұр. Екінші жартысында жоспар бойынша тұр.

Г.Б.Исламжанова: жатақханада қандай іс-шаралар ұйымдастырылды?

Н.А.Койчубеков: жатақханада сыбайлас жемқорлыққа байланысты іс-шаралар өткізілді. Оның барлығы жгудың парақшада көрсетілген. Смагулов ағаймен №3 жатақханаға барғанда білімалушылармен кездесу өткіздік. Студенттерге сұрақтар қойылғанда олар тек оң жауаптар қайтарды.

А.К.Катенов: тағы да сұрақтар бар ма? Жоқ болса сөзді декан факультетіне берейік.

Е.С.Хаймулданов: қайырлы күн құрметті этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы төрағасы және комиссия мүшелері. Осы қаңтар айының басында комиссия мүшелері есенғали жексембайұлы мен жаратылстану және техникалық факультетінің студеканы Нұржан койчубеков этикағы байланысты және сыбайлас жемқорлыққа байланысты іс-шаралар, сабақтарды және тағы да басқа жұмыстарды тексеріп кетті. Тексеріс басында кураторлық папкілер және жоспарға сай атқарылған жұмыстар барлығы көрсетілді. Сонымен қатар осы 28 қаңтар күні сабақтан тыс барлық профессорлық оқытушылар 323-ші аудиторияда университетіміздің комплаенс офицері Болат Жаксылықұлымен кездесу өткіздік. Кездесуде әр түрлі мәселе бойынша сұрақтар қарастырылып, барлық 7 бағыт бойынша не істеу керектігін және қандай әрекет жасау керектігін түсіндірді.

А.К.Катенов: менде оқу жұмыс жөніндегі орынбасарына сұрағым бар, сіздің функционалдық міндетіңізді айтасыз ба?

Ә.А.Исатаева: менің міндеттерім ең алғашымен студенттердің сабаққа келуін қадағалаймын, оқытушылардың уақытылы сабаққа кіруін және тағы да басқа.

А.К.Катенов: егер студент сабаққа келмесе және мұғалім оған балл қойп қойды, сіз осыны қалай қадағалайсыз?

Ә.А.Исатаева: біздің факультетте оқу жылы басталғаннан бері ондай ескертулер алынған жоқ. Барлығы уақылып келіп жүрді, ал хабарсыз жоқ болып сабаққа келмеген білімалушылар оқудан шығарылды.

А.К.Катенов: Менің ойымша, педагогика және психология факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы кеңес мүшелері өте жақсы дайындалып келді. Енді бізде келесі болып педагогика психология факультеті болады құқық және экономика факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы есебі. Онда мен және Канагатов Жамбыл Жолдыбаевич есеп өткізетін боламыз. Отырысымыз аяқталды, барлықтарыңызға рахмет!

Шешімі:

1.Құқық және экономика факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы есебі.

(Комиссия: Катенов Амангельды Камалович, Канагатов Жамбыл

Жолдыбаевич)

2.Қашықтықтан оқыту факультетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралары туралы есебі.

3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі мақалалардың жариялануы жөнінде.

4. Әр түрлі.

Комиссия төрағасы



Катенов А. К.

(өз қолымен)

Хатшы



Ашир Т. А.

(өз қолымен)

Қатысушылар парағы

№	Аты-жөні, тегі	Қолы
1.	Катенов Амангельды Камалович	
2.	Сериев Болат Абдулдаұлы	
3.	Ансабаев Дүйсен Сандыбаевич	
4.	Смагулов Есенгали Жексембаевич	
5.	Наубаева Хапиза Танирбергеновна	
6.	Таубалдиева Жуматай	
7.	Молдабеков Болат Есенгалиевич	
8.	Канагатов Жамбыл Жолдыбаевич	
9.	Бабаш Диас Бекмұқамбетұлы	
10.	Койчубеков Нуржан Абдыгалиевич	
11.	Исламжанова Гульнура Балабековна	